



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

КӨРКЕМ АУДАРМА ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ДЕНЕ ТІЛІНІҢ АУДАРЫЛУ АМАЛ-ТӘСІЛДЕРІ

Кенжетаева Карлыгаш Алибековна

kenzhetaevakarla@gmail.com

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қоңыратбаева Ж.М.

Көркем аударма – көркем әдебиет жанрын басқа тілде баяндайтын аударма түрі. Әлемді мәдени түрде меңгерудің көркемдік құралы. Адамзаттың ой-санасының, білім-танымының дамуындағы мәдениеттер байланысының өркендеуіндегі қызметі өлшеусіз. Оның теориялық негізі тарихи, әдеби міндеттерді шешуге бағытталған аударматану мен әдебиеттану теориясына негізделген. Көркем шығарма аудармасы дегеніміз түпнұсқалық шығарманың көркемдік рухын басқа тілде дәл, сәйкес, шынайы, сапалы жасап шығу. Оны аударылатын ұлт тілінде жазылған туындыдай, соның көркемдік-ой дәрежесіндей жеткізе білу керек.

Көркем аударманың мақсаты – шет тілін білмейтін оқырманды сол халықтың шығармаларымен әлем әдебиетінің озық үлгілерімен, классикалық туындылармен таныстыру. Шығарманың көркемдік ерекшелігін, дербес құрылымдық сипатын, ұлттық колоритін сақтау – аудармашының табысқа жетуінің басты кепілі. Мұндай жетістікке жету үшін аудармашы бірінші кезекте түпнұсқаның көркемдік мазмұнымен бірге, философиялық рухын, әлемін терең сезінуі тиіс, бұл үшін талантты аудармашы болу аз, нағыз әдебиетші, энциклопедист ғалым болуы қажет.

Аударма теориясында аударма қиындықтарының ерекшеліктерімен, аудармашы қамтамасыз ететін эквиваленттілік деңгейімен өзгешеленетін жеке аудару түрлері бар. Яғни, көркем аударма және ақпараттық аударма. Көркем аудармада аудармашының басты міндеті түпнұсқаның көркемдік-эстетикалық құндылығын жеткізу, аударма тілінде толыққанды көркем туындыны жасап шығару. Көркем аудармалар қабылдап жатқан мәдениет әдебиетінің белгілі бір бөлігін қамтамасыз етеді. Көркемділікке қол жеткізу үшін аудармашы кейде түпнұсқа шығарма мазмұнын нақты беруден бас тартады [1, б. 74].

Көркем аударма дегеніміз – бір тілдегі мәтінді келесі тілге түрлендіру болып табылады. Әр аударма түрі сияқты оған ортақ заңдылықтар сәйкес болу керек. Соған орай аударманың лингвистикалық теориясы көркем шығармалар аудармасының заңдылықтарына жасалған зерттемелерден ақпарат жинауға толық құқылы [2, б. 27].

Жалпы аударма түрлері жайлы айтатын болсақ, көркем аударма көркем шығармаларды аударғанда қолданады десек, ақпараттық аударма ғылыми-техникалық және ресми-іскерлік мәліметтерді аударғанда қолданылады. Бірақ бұндай жекешелеу дұрыс емес, өйткені барлық көркем туындылардың мазмұны оқырманға көркемдік-эстетикалық әсер қалдыруға бағытталмаған. Осыған орай көптеген детективті баяндамаларды, пьесаларды, саяхат суреттемелерін және т.б. шығармалардың аудармаларын ақпараттық аудармаға жатқызуға болады [3, б. 174].

Көркем аудармада эквиваленттілік пен аударма құндылығының айырмашылығы үлкен. Аударманы бағалау кезінде бірінші орынға түпнұсқа шығармасының сөз бе сөз аударылуы емес, аударма мәтінінің жоғарғы әдеби құндылықтарын қамтамасыз ету, түпнұсқа мәтінінің құндылықтар деңгейіне жеткізу [3, б. 174]. Көркем аударма мәтінінде белгілі бір ерекшеліктері бар, олар түпнұсқа шығармада қолданылған жеке-авторлық тілдік құралдар қолданылуын жеткізу қажеттілігінен туындаған [3, б. 175].

Көркем аудармада өзіндік айтары бар айрықша қабаттың бірі дене тілі деуге болады.

Тіл ілімінде бейвербалды амалдарды паралингвистика (грек тілінде пара – қасында, жанында және латынның lingua - тіл деген сөздерінен құралған) қарастырады. Паралингвистика терминін қыркыншы жылдары американдақ зерттеуші, ғалым А.Хилл

енгізген. Лингвистикалық түсіндірме сөздікте бұл терминге мынандай анықтама берген:

- 1) сойлеуде қолданылатын мағыналы хабар жеткізуші, бірақ тілге жатпайтын құрал;
- 2) тілдік байланысқа қатысатын тілдік емес (вербалды емес) құралдардың жиынтығы. [4, б. 243].

Бейвербалды амалдар – өз мәні мен өзектілігін қазіргі таңда да жоғалтпаған мәселелердің бірі. XX ғасырдың елуінші жылдарынан бастап бұл сала аса үлкен қарқынмен зерттелді. Шетел тіл білімінде бейвербалды амалдар елуінші жылдардың басында қолға алынды. Терминді алғаш ұсынған ғалым А.Хилл болса, жаңа ғылым саласының зерттеу нысанын белгілеген, бейвербалды амалдар мәселесін алғаш ғылыми тұрғыдан зерттеушілердің бірі – Дж. Трейгер. Зерттеуші бейвербалды амалдарды кинесика және паралингвистика деп екіге бөліп қарастырады. Паралингвистикалық амалдарға просодикалық яғни дыбыстық ерекшеіктерді жатқызады [4, б. 108].

Г.В. Колшанскийдің еңбегінде бейвербалды амалдарға қатысты айтылған көптеген құнды ойлар мен тұжырымдарды кездестіруге болады. Ғалым бейвербалды амалдардың зерттелуіне шолу жасай келіп, былай дейді: «Паралингвистика ақпарат беруде қатысып, сөздік қатынаспен бірге жүретін факторларды зерттеумен айналысатын тіл ғылымының жаңа бағыты» [5, б. 6]. «Паралингвистикалық амалдар тілдік қатынаспен қатар қолданылып, қосымша хабар береді. Бұл амалдарға әр түрлі дыбыс ерекшеліктері, сонымен қатар мимика, ишара, дене қимылдары жатады» [5, б. 93].

Бейвербалды қарым қатынастың түрі қазақ тіл білімінде тек соңғы жылдарда пайда бола бастаса да, бейвербалды амалдардың қызметі туралы ойларды, терең тұжырымдарды ертеден кездестіруге болады. Атап айтсақ, бейвербалды амалдар туралы көзқарастар, алғашқы ойлар қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов еңбегінде кездеседі. Психолог-ғалым М.Мұқановтың қазақ халқының салт дәстүрі мен тұрмысында кездесетін ұлттық мәдени сипатқа ие бейвербалды амалдарды алғаш психология ғылымымен байланыстыра талдайды.[6, б. 88]. Академик Ә.Қайдар қазақ қауымында өзіндік мағына мәні бар тізе бүгу, қол шапалақтау жұдырық тию, сақал сипау т.б. амалдарды бейвербалды әрекеттер деп қарастырады [6, б. 67]. Сейсенова, С.С. Татубаев, М.П. Ешимов сынды ғалымдар бейвербалды амалдарды қазақ тілін басқа тілдермен салыстырмалы, салғастырмалы, сипаттамалы аспектіде зерттеген. Орыс тілінің қарым-қатынасындағы бейвербалды амалдарды А.А. Акишина, И.Н. Горелов, Г.В. Колшанский, Е.В. Красильникова, А.А. Леонтьев, Т.М. Николаева т.б. ғалымдар зерттеген.

Бейвербалды қарым-қатынастың терең және толық қарастырылуын оның негізгі формалары мен әдіс тәсілдерінің ашылуы арқылы түсінуге болады [7, б. 156]. Оларға жатады:

Кинесика – ым ишара, дене қимылының жиынтығы. Такесика – қарым-қатынас кезіндегі сұхбаттасыңа қол беріп амандасу, бетінен сүю, сипалау, қағып кою сияқты іс әрекеттердің болуы. Сенсорика – сезімдік қабылдау жиынтығы, сезім мүшелерінен келетін ақпарат негізінде болуы. Проксемика – қарым қатынас кезінде кеңістікті қолдану әдісі. Хронемика – қарым қатынас кезінде уақытты қолдану әдісі. Окулистика - адамдар арасындағы қарым-қатынас, ең алдымен көз қарым-қатынасынан басталады, сол себепті бұл бейвербалды қарым-қатынастың басты элементі болып саналады [7, б. 156-176].

Жалпы қандай да болмасын көркем шығармалар туындылар вербалды құралдар мен қатар бейвербалды амалдарға да толы болып келеді. Оларды түсінікті, анық және сапалы аудару өте маңызды. Мақаламыздың мақсаты – көркем дискурстағы (Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша) дене тілінің аударылу жайын: техникасын, әдіс-тәсілдерін қарастыру. Ж.Аймауытовтың көркем дискурсының аудармасын қарастыруда дене тілін бес түріне қарай жіктеп талдаймыз.

1. Кинесикалық амалдар

Бір шарасын ішкен адам дәл хор қызын құшқандай боп, <i>бегі шиқан дуылдайды,</i>	A man drink one cup of it, gets red, his mouth buzzes like kobyz and sinks into the arms of the
--	---

ауызы қобыз гуілдейді [8, б. 1]. Қасындағы қыздарына қабақ шытып, қыңқыл етіп, дауысы сыңқыл-сұңқыл етіп: - Көзім тұрғаны несі? – деп бір бұлаңдап қойған ед... [8, б. 3].	world of paradise [9, б. 1]. She was just running past her mother when the latter, glumly blinking, grumpily pattered: What's in the eye there? – and began spinning on the spot... [9, б. 3].
--	--

Түпнұсқа тілінде кинесикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысалдар, аударма тілінде де кинесикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, ым-ишара, дене қимылының жиынтығын білдіреді. «...*бегі шиқан дуылдайды*» деген сөз тіркесі аударма тілінде экспрессивтілігі жағынан бәсеңдеп, «...*gets red*» деп аударылып кеткен. Ұлттық колориттің жоғалуын байқауға болады. Екінші мысалдың мазмұнында ауытқушылықты байқауға болады. Аударма тілінді кинесикалық тәсіл арқылы беріліп отыр. «...*қыңқыл етіп, дауысы сыңқыл-сұңқыл етіп*» деген сөз тіркесі аударма тілінде біріктіріліп, «...*grumpily pattered*» деп берілді.

2. Окулистика

Түпнұсқа тілінде окулистикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысалдар, аударма тілінде де окулистикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, көз қарым-қатынасы арқылы жүзеге асырылатын бейвербалды тәсіл. Бірінші мысалда «...*алақ-жұлақ қаранды*» деген сөз тіркесі түпнұсқа тілінді қорқыныш, үрей, алаңдаушылық сезімін білдіреді. Ал аударма тілінде «...*looked around*» деп беріліп, жан жағына қарады деп берілді. Сол кездегі кейіпкердің көзқарасы арқылы берілген барлық сезімі жоғалған. Бұл жерде аударманың сәтті шықпағанын байқауға болады. Екінші мысалда да окулистика тәсілі сақталынған аударма тілінде. Ешқандай ауытқушылық болмай, сәтті аударылған.

3. Хронемика

Күн батпай-ақ, көз барында манағы айтқан терең шаттан, іннен шыққандай қасқырша, шұбап шықты төрт атты [8, б. 3].	The sun has not disappeared yet when out of the already mentioned deep ravine four horseman tore closely like wolves [9, б. 3].
--	--

Түпнұсқа тілінде хронемикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысал, аударма тілінде де хронемикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, қарым қатынас кезінде уақытты қолдану әдісі. «...*Күн батпай-ақ*» хронемасы аударма тілінде де «...*The sun has not disappeared*» деп тура аударылып берілген. Ешқандай ауытқушылық байқалынбайды.

4. Проксемика

Келе тарс-тұрс. Үріктірді, бүріктірді, елдің апишысын қуырды [8, б. 3]. Шәйді алдына қойып «Бісмилданы» келтіргені сол еді Мамырбайдың бір малайы жетіп келді ентігін [8, б. 4].	They burst in noisily. Then they frightened, pressed down the alarmed people [9, б. 3]. The servant have just brought in freshly brewed tea; have only praised Allah as one of Mamyrbai workers ran into the room [9, б. 4].
--	--

Түпнұсқа тілінде проксемикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысалдар, аударма тілінде де проксемикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, қарым қатынас кезінде кеңістікті қолдану әдісі. Бірінші мысалда аудармада ауытқушылықтардың барын байқауға болады. Қазақ тіліндегі «...*тарс-тұрс*» одағай сөзі, ағылшын тілінде одағай болмағандықтан, түсіндіріліп аударылып кеткен. «...*Үріктірді, бүріктірді, елдің апишысын қуырды*» деген түпнұсқа тіліндегі сөйлемді аударма тілінде сәл өзгертілгені байқалынады, «...*pressed down the alarmed people*» деген жерде мағыналарының бірігіп кеткенін байқауға болады. Бұл жерде ауылдың тыныштығын бұзып, аумағына немесе кеңістіне басып кіргенін көрсетеді. Екінші мысалда, «...*бір малайы жетіп келді ентігін*» деген жерде малайының белгілі бір себептермен хабарды жеткізу үшін асығып, ентігіп, уйге басып кіргенін байқауға болады. Ал аударма тілінде «...*workers ran into the room*» деп беріліп, экспрессивтілігін жоғатқанын байқауға болады.

5. Сенсорика

Бес-алты адым аттады ма, жоқ па, әлде шөптің, әлдже шүберектің сыбдырындай судыр еткен бір дыбысты құлағы шалып қалды [8, б. 6].	Five-six cautious steps and his ears caught a faint sound, close to rustling of the plant, which broke through never-ceasing nightmarish bark in the aul [9, б. 6].
---	--

Жонына <i>шойын тағалағандай</i> , апасы сіресіп қалса да, елемей, <i>шыңғырғын дауысқа қарай үкідей ұшып келеді</i> [8, б. 8].	Mother, lost in the darkness and pain, threw herself as an owl to a cheep of its nestling [9, б. 8].
---	--

Түпнұсқа тілінде сенсорикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысалдар, аударма тілінде де сенсорикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, сезімдік қабылдау жиынтығы, сезім мүшелерінен келетін ақпарат негізінде болуы. Екі мысал да есту мүшесі арқылы қабылданған ақпаратқа байланысты іс әрекеттер жасалынуын көрсетеді. Бірінші мысалда «...*бір дыбысты құлағы шалып қалды*» ауытқусыз аударма тілінде «...*his ears caught a faint sound*» деп берілген. Екінші мысалда, «...*шыңғырғын дауысқа қарай үкідей ұшып келеді*» деген жер анасы естіген шыңғырғын дауыстан кейін жасаған іс-әрекеттері, яғни анасын үкіге теңестіріп тез бара жатқанын көрсетсе, аударма тілінде бұрмаланып, анасының баласы үшін уайымы, құтқарып қалам деген сезімі берілген «...*as an owl to a cheep of its nestling*».

6. Такесика

<i>Олай сүйреп, бұлай жұлқып</i> , қызды анасының құшығанан ала алмаған соң, орыстар мылтық дүмін жұмсады. Жанына мылтық батқанда, анасы қызын тастай беріп, алыса кетті [8, б. 8]. Апыр-топыр екі орысты екі <i>алып ұрып</i> , бірінің үстіне бірін <i>илектеп жатқанда</i> , үшінші орыс тайқып шегіне берді [8, б. 8].	They dragged her from daughter this and that way, finally hit her with gun –butts, and she left the daughter, but clutched at them [9, б. 8]. She knocked one of them down, then another one, started to beat them, the third one backed off [9, б. 8].
---	--

Түпнұсқа тілінде такесикалық тәсіл арқылы жазылған бұл мысалдар, аударма тілінде де такесикалық тәсіл арқылы аударылған. Яғни, қарым қатынас кезіндегі сұхбаттасыңа қол беріу, бетінен сүю, сипалау, қағып кою сияқты жанасу іс әрекеттерінің болуы. Екі мысалда да «...*Олай сүйреп, бұлай жұлқып*», «...*алып ұрып*» жанасу әрекеттерін көруге болады. Бірақ бұл жанасудың мақсаты қарым-қатынасты нағайту емес, керісінше босап, құтқарылып шығу. Аударма тілінде ауытқушылық болмағандықтан, аударма жақсы жүзеге асырылды.

Қандай да болмасын көркем шығармалар, туындылар вербалды құралдар мен қатар бейвербалды амалдарға да толы болып келеді. Оладры түсінікті, анық және сапалы аудару өте маңызды. Жалпы мақаламыздың мақсаты – көркем дискурстағы (Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша) дене тілінің аударылу жайын: техникасын, әдіс-тәсілдерін қарастыру болды. Ж.Аймауытов шығармасын жазған кезде дене тілін өте жетік қолданған. Әдіс-тәсілдерге жіктеу барысында кинесикалық, такесикалық, сенсорикалық тәсілдерді жиі қолданғанын байқауға болады. Және аударма тілінде де сол әдіс-тәсілдердің қолданылғанын көруге болады. «Ақбілек» романы қазақ халқының өмір салтын, мәдениетін, ұлттық болмысын дәріптегендіктен, ұлттық колоритті көрсететіндіктен, аударма жасау барысында қиыншылық туындағанын және ауытқушылықтарды көруге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение
2. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). М.: Междунар. отношения, 1975.
3. Комиссаров В.Н. Слово о переводе.
4. Основы теории коммуникации. – М.: Гардарики, 2007. – 615 с.
5. Г.В.Колшанский. Паралингвистика.
6. Беляева Е.И. Модальность и прагматические аспекты директивных речевых актов в современном английском языке: автореф. докт. диссерт. – М., 1988.
7. Садохин В.А. Межкультурная коммуникация
8. Ж.Аймауытов. Ақбілек (<http://kitap.kz>)
9. Zh.Aymaulytov. Akbilek (<http://old.adebiportal.kz>)